



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2019 жылдың 18 желтоқсаны

Биржа ASTS+ жаңа сауда-саттық-клирингтік жүйесін іске қосу және қор нарығында ОК қызметін енгізуге арналған баспасөз конференциясын өткізді

2019 жылдың 18 желтоқсанында "Қазақстан қор биржасы" (KASE) "Мәскеу биржасы" БАҚ (MOEX) қатысуымен ASTS+ жаңа сауда-саттық-клирингтік жүйесін іске қосуға және қор нарығында орталық контрагент (ОК) қызметін енгізуге арналған баспасөз конференциясын өткізді.

2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап, KASE қор нарығында MOEX сауда-саттық клирингтік жүйесі негізінде әзірленген, ASTS+ жүйесі енгізілген. Осы күннен бастап, KASE ОК сауда-саттық жаңа жүйеде ашылған, қаржы құралдарының қызметін атқаруға кірісті. Екі жағдай да KASE және MOEX арасындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімді жүзеге асыру кезеңі болып табылады.

ASTS+ маңызды сипаты жоғары сенімділік пен, әр түрлі режимде қаржы құралдарының кең спектрімен сауда-саттықты бір уақытта жүргізу мүмкіндігі бар өнімділік болып табылады.

Бүгінгі таңда ASTS+ жүйесінде АҚШ долларымен номинацияланған акциялар, облигациялар; инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары; туынды бағалы қағаздармен (GDRs) сауда-саттық ашылған. Барлығы 168 құрал.

KASE қор нарығының қалған қаржы құралдарын ASTS+ жаңа сауда-саттық жүйесіне ОК қызметін пайдалана отырып, ауыстыру 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығына жоспарланып отыр.

ASTS+ жұмыс істеу уақытында 2019 жылдың 03 желтоқсанынан 13 желтоқсанына дейін жалпы сомасы 10,7 млрд теңгеге, 3 909 мәміле жасалынды. Сауда-саттыққа қатысушы Биржа мүшелерінің саны - 17.

KASE жүргізіп отырған қолданыстағы ақпараттық жүйені жаңғырту биржалық инфрақұрылымның сенімділігін арттыруға, операциялық тәуекелді төмендетуге, сауда-саттық пен құралдардың жаңа режимін әзірлеуге, нарықтық ақпарат алмасудың сертификатталған хаттамасын енгізуге ықпал етеді.

KASE қор нарығында ОК қызметін енгізу аясында сауда-саттыққа қатысушылардың несие тәуекелін бағалаумен қоса тәуекелді басқару және нарықтық тәуекелді бағалау жүйесін – қаржы құралдары биржасында саудаланған бағам өзгеруі тәуекелі, сондай-ақ аталмыш тәуекелді басқару құралдарын қоса әзірледі.

KASE өзге биржалық нарықтарда ОК қызметін атқарып отырғандығын естеріңізге саламыз. KASE 2012 жылдан бастап деривативтер нарығында, 2018 жылдың 01 қазанынан бастап валюталық нарықта жұмыс істеуде.

KASE басқармасы Төрағасы Алина Алдамберген: "Қазақстан қор биржасы, MOEX – пен стратегиялық серіктестік туралы Келісім аясында ASTS+ жоғары технологиялық жүйесін сатып алды, ол режимдердің алуандығына және сауда-саттық әдістемесіне қолдау көрсетеді, орталық контрагент қызметін пайдалануды қарастырады. KASE есептеу-клирингтік жүйесі бүгінгі таңда PFMI-IOSCO қаржы нарығы инфрақұрылымдары үшін толығымен халықаралық қағидаларға

сәйкес келеді. Орталық контрагентті енгізу қатысушылардың транзакциялық шығындарын төмендетуге және қор нарығына деген сенімділіктің артуына ықпал етеді, сонымен қатар мәмілелердің жасалуына сенімін арттырады, өйткені есептеулер жоғары сенімді қаржы құралдарымен кепілдендірілген. ОК енгізу сауда-саттық қатысушылары санын және клиенттер базасын, сонымен қатар резидент емес қатысушылар санын арттыруға, сондай-ақ халықаралық аренада қазақстандық қор нарығының танымалдығын жоғарылатуға ықпал етеді деп күтілуде"- деп атап өтті.

Қаржы және жедел нарық бойынша басқарушы директор, MOEX басқармасының мүшесі Игорь Марич: "Бүгін қор нарығының қатысушылар биржаның сауда-саттық клирингтік жүйесінен жоғары өнімділікті, сенімділікті, тез әсер ету ең сенімділікті күтеді. Біз, MOEX технологиясы сол талаптарға сай деп есептейміз. Біз KASE бізбен бірге жаңа сауда-саттық клирингтік жүйесіне көшуді жүзеге асыруға шешім қабылдағанын мақтан етеміз. Аталмыш технологиялар ЕАЭО аясында бірыңғай қаржы нарығын құруға жақсы негіз болады дес есептейміз"- деп атап өтті.

Конференция барысында алғаш болып ASTS+ жаңа сауда-саттық клирингтік жүйесінде ағымдағы жылдың 03 желтоқсанында мәміле жасаған Биржа мүшелеріне – "Фридом Финанс" АҚ және "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы "BCC Invest" АҚ дипломдары тапсырылды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS), БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz